

Вебинар тақырыбы: Ірі қара малдың бедеулігінің алдын алу және өсіп- өну көрсеткішін арттыру.

КазҰАЗУ PhD доктор

Тургумбеков Асет Абдымаратович

aset_turgumbekov83@mail.ru

тел.87783579723



16.07.
2025ж.
онлайн

Дәрістің мақсаты:

- ▶ **1. Жануарлардағы бедеулікті анықтау әдістерін игеру және түрлерін анықтау.**
- ▶ **2. Бедеулік және қысыр қалу, белсіздік туралы түсінік?**
- ▶ **3. Бедеуліктің және белсіздіктің жіктелуі?**
- ▶ **4. Гинекологиялық зерттеулер?**
- ▶ **5. Бедеуліктің алдын алу жолдары?**

Міндеттері:

1. Бедеуліктің анықтамасын және биологиялық негізін түсіну;
2. Бедеуліктің физиологиялық және патологиялық түрлерін ажырату.
3. Бедеуліктің негізгі себептерін жіктеу;– Азықтандыру, күтім, жұқпалы аурулар және генетикалық факторларды талдау.
4. Диагностика әдістерін меңгеру;– Ректальды зерттеу, ультрадыбыстық зерттеу (УДЗ), зертханалық анализдер.
5. Бедеуліктің түрлерін анықтау және сипаттау;– Уақытша, тұрақты, қайтымды және қайтымсыз бедеулік
6. Алдын алу және емдеу тәсілдерін игеру
7. Тәжірибелік дағдыларды дамыту;– Тексеру, диагноз қою, жоспар құру, ұрықтандыруға дайындау.

Бедеулік

Бедеулік дегеніміз биологиялық ұғым. Ұрғашы жануарлардың төл беру қабілетінің белгілі бір себептерге байланысты уақытша немесе біржолата бұзылуы. Яғни күрделі биологиялық процесс, ол мал организмінде әртүрлі факторларға байланысты туындайды.

Бедеуліктің себептері

Азықтандыру

Күтіп-бағу

Пайдалану

Ұрықтандырудың
дұрыс жүргізілмеуі

Жыныстық, немесе басқа да
органдардың ауруларының
салдары

Бедеуліктің түрлері

- ▶ 1. Туа біткен бедеулік
- ▶ 2. Симтоматикалық
- ▶ 3. Алиментарлық
- ▶ 4. Эксплуатациялық
- ▶ 5. Климоттық
- ▶ 6. Қолдан жасалған бедеулік

► Туа пайда болған бедеулік

ҰРҒАШЫ МАЛДА:

Инфантилизм

Фримартинизм

Гермофродитизм

ЕРКЕК МАЛДА:

Инфантилизм

Крипторхизм



Қысыр қалу

Қысыр қалу дегеніміз жыл аяқталған кезде жоспарланған төлдіа ла алмау, қысыр қалу экономикалық түсінік, және жылдың соңында процентке есептеледі. Мысалы 100 бас аналық бастан 75 бұзау алу жоспарланса, қысыр қалғандар 25 процентті құрайды.

Бедеуліктен шаруашылыққа келетін шығын

- ▶ Жоспарланған төлдің алынбауы;
- ▶ Алынбаған сүт
- ▶ Бедеу малды күтіп-бағу,
азықтандыруға кеткен қаражат
- ▶ Бедеу малды емдеуге және
қосымша ұрықтандыруға кеткен
қаражат

Малдың өз төлінен өсіп-өнуінің көрсеткіштері

- ▶ 1, 100 аналық басқа есептегенде алынған төл саны. Сиырлар үшін 75-95 болса жақсы көрсеткіш.
- ▶ 2, Ұрықтандыру индекісі: сиырлар үшін 1,5-2 болса жақсы көрсеткіш. 3, Бұзаулаған сиырларды алғаш ұрықтандырғанда 60-70% жақсы көрсеткіш.
- ▶ 4, Сервис кезең ұзақтығы 45-60 күн жақсы көрсеткіш.
- ▶ 5, Табынның гинекологиялық статусы: кез келген күні буаздыққа тексергенде 70-80% буаз болса.

Сиырлардың ұрықтану индексі — бұл сиырды бір бұзау алу үшін неше рет ұрықтандыру қажет екенін көрсететін зоотехникалық көрсеткіш.

- ▶ **Ұрықтану индексі = Жүргізілген ұрықтандырулар саны / Қабылдаған сиырлар саны**
- ▶ **Мысалы: Егер 100 сиырға 150 рет ұрықтандыру жүргізіліп, соның ішінде 75 сиыр буаз болса, онда: Индекс = $150 / 75 = 2,0$ Бұл дегеніміз, бір сиырдың буаз болуына орта есеппен 2 ұрықтандыру қажет болған.**

Гинекологиялық диспансеризация жүргізу

- ▶ Бедеуліктің түрін анықтау үшін ұрғашы малдың жыныстық органдарын жүйелі түрде зерттеу жүргізу керек.
- ▶ Гинекологиялық зерттеу:
 1. анамнездік деректерді жинақтаудан
 2. клиникалық зерттеулерден тұрады.

Сиырлардағы бедеулікті зерттеу әдістері

Сиырлардағы бедеулікті зерттеу — малдың репродуктивті жүйесінің жағдайын бағалауға, бедеуліктің нақты себебін анықтауға және тиісті емдік немесе алдын алу шараларын таңдауға бағытталған кешенді процесс. Бұл зерттеулер бірнеше бағытта жүргізіледі:

► 1. Клиникалық-зертханалық тексеру

- Анамнез жинау – сиырдың жасын, бұрынғы буаздықтарын, төлдеу тарихын, ұрықтандыру сандарын, күйлеу циклін білу.
- Жалпы күйін бағалау – дене температурасы, жүрек соғысы, ас қорыту, сүт өнімі және жалпы денсаулығы.
- Жыныс мүшелерін сырттай қарау – ісіну, бөлінділер, жаралар, қабыну белгілері.

▶ 2. Гинекологиялық зерттеу (ректальды тексеру)

- ▶ Ректальды әдіспен жатыр мен аналық бездердің жағдайын бағалау.
- ▶ Күйлеу сатысын, фолликулдың немесе сары дененің бар-жоғын анықтау.
- ▶ Жатырдың қалыптан ауытқуы немесе қабынуы (эндометрит, метрит) туралы мәлімет алу.

Сиырларды ректалды әдіспен зерттеу, ұрықтандыруға дайындау және қолдан ұрықтандыру



4. Лабораториялық зерттеулер

- ▶ Қынаптық жағынды алу – микрофлораны, инфекциялық ауруларды анықтау.
- ▶ Қан талдауы – гормоналды деңгейді тексеру (эстроген, прогестерон, т.б.).
- ▶ Бруцеллез, трихомониаз, кампилобактериоз және басқа да жұқпалы ауруларға зерттеу жүргізу.


5. Ультрадыбыстық зерттеу (УДЗ)

- ▶ Аналық бездер мен жатырдың құрылымын нақты бейнелеуге мүмкіндік береді. Кисталар, фолликул дамуы, ерте буаздық белгілері анықталады.


Голштин тұқымдас сиырларда фолликулдардың өсуін УДЗ сканерлеу әдісімен анықтау



Аналық бездерді ультрадыбыстық сканерлеу арқылы сиырлардағы субдоминантты және доминантты фолликулалардың өсу динамикасын анықтау. Ескерту:
DF – доминантты фолликул, SF – субдоминантты фолликул





Диаграммада бір жыныстық цикл ішінде зерттелген сиырлардың аналық бездеріндегі доминантты және субдоминантты фолликулдардың өсу жылдамдығы, мм/күн



Доплер УДЗ қондырғысы кішкентай капиллярдағы қан ағысы жылдамдығы, қарқыны туралы практикалық тұрғыдан аса маңызды мәліметтер алуға мүмкіндік береді.

Сиырдың эстральдық циклінің 7-ші күні

Сиырдың эстральдық циклінің 10-ші күні




Сиырларының қан сарысуындағы эстрадиол концентрациясын овуляцияға дейінгі кезеңде және репродуктивті циклдің әртүрлі кезеңдерінде ИФТ әдісімен зерттеу техникасы



Бедеулкке нақты, дұрыс диагноз қою үшін
алдын-ала сойыс малдарына жаттығулар
жасау керек



Жыныс безіндегі патологиялар



Бедеуліктің алдын алу шаралары

▶ Дұрыс азықтандыру

▶ Құнарлы, ақуызға мол, макро және микроэлементтердің (әсіресе фосфор, кальций, селен, мырыш, А, D, Е дәрумендері) жеткілікті болуы керек.

▶ Рацион сиырдың физиологиялық жағдайына (буаз, сауылатын, күйлеуге дайындалатын) сай болуы тиіс.

▶ Жемшөптің сапасын тұрақты тексеру (зарарлы шөптер, зең, токсин болмауы керек).

▶ 2. Күйлеу мен овуляцияны уақтылы бақылау

▶ Күйлеген малды дұрыс анықтау және ұрықтандыруды нақты уақытта жүргізу.

▶ Күйлеудің болмауы бедеуліктің белгісі болуы мүмкін, дереу ветеринарға қарату керек.

▶ 3. Жыныс жолдарының ауруларын алдын алу және емдеу

▶ Эндометрит, аналық бездердің кистасы, вагинит сияқты аурулар бедеулікке себеп болады.

▶ Туғаннан кейінгі асқынуларды дер кезінде емдеу.

▶ Ветеринарлық тексерісті тұрақты өткізу.

▶ **4. Гигиеналық жағдайды сақтау**

- ▶ Мал қораларында тазалық сақтау - инфекциялық аурулардың таралу қаупін азайтады.
- ▶ Туу бөлімдері, ұрықтандыру алаңдары таза әрі құрғақ болуы тиіс.

▶ **5. Гормоналды бақылау және емдеу**

- ▶ Күйге келмеген жануарларды - арнайы гормоналды препараттармен емдеу (емдеу схемалары).

▶ **6. Жоғары сапалы шәует қолдану**

- ▶ Мұздатып қатырылған сапалы шәует пайдалану.
- ▶ Ұрықтандыруды техникасын дұрыс жүргізу.

- ▶ **7. Малды дұрыс пайдалану және демалыс мерзімін сақтау**
- ▶ Сиырларға сауын маусымынан кейін жеткілікті "демалу" уақыты (сүттен шығару) берілуі керек.
- ▶ Артық жүктеме бедеулікке соқтырады.
- ▶ **8. Жас малды өсіру кезіндегі профилактика**
- ▶ Бұзауларды жас кезінен бастап дұрыс өсіру (жеткілікті азық, аурулардың алдын алу, салмақ қосу).
- ▶ Жас сиырлар 350-400 кг салмаққа жеткенде ғана ұрықтандыру ұсынылады.

Қорытынды

- ▶ **Сиырлардағы бедеулік** — мал шаруашылығы саласында жиі кездесетін әрі өнімділік пен экономикалық тиімділікке кері әсер ететін маңызды мәселе. Сапалы азықтандыру, сиырларды уақтылы ветеринарлық тексерістен өткізу, күйлеу уақытын нақты анықтау, жоғары сапалы ұрық пайдалану және санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау — бедеулікті төмендетудің негізгі жолдары болып табылады. ◆ Мал дәрігерлері мен шаруашылық иелері осы мәселені назарда ұстап, кешенді шаралар атқарған жағдайда, сиырлардың ұрықтану деңгейін жақсартып, төл алу көрсеткішін арттыруға толық мүмкіндік бар.

► Назар салып
тыңдағандарыңызға рахмет